

Қазақстан Республикасы ғылым және жоғары білім министрлігі
«Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» КеАҚ



2023 ж.

ТҮЛЕК МОДЕЛІ

«БВ01516 – Химия-Биология» білім беру
бағдарламасы бакалавр

Қызылорда қ, 2023

МАЗМҰНЫ

Кіріспе

- 1 БББ сипаттамасы
 - 2 Білім беру бағдарламасын бітіруші моделін қалыптастырудағы құрама компоненттері
 - 2.1 Білім беру бағдарламасының мақсаттары
 - 2.2 Білім беру бағдарламасының міндеттері
 - 2.3 Жалпы және бейіндік құзіреттіліктері
 - 2.4 Білім беру бағдарламасының оқыту нәтижелерін қалыптасатын құзіреттіліктермен салыстыру матрицасы
 - 2.5 Маманның жеке қасиеттері
- Қорытындылар

КІРІСПЕ

Бітіруші түлектін құзыреттілік моделін әзірлеу Болон процесінің негізгі бағыттарын жүзеге асырудың құзыреттілік моделі белгілі дәрежедегі (лауазымды), белгілі бір бейіндегі маман қандай кәсіби міндеттерді шеше алуы керек деген сұраққа жауап беруге арналған. Стейкхолдерлер және барлық мүдделі тараптардың қажеттіліктеріне жауап беретін ЖОО бітірушінің заманауи үлгісін қалыптастыру Қорқыт Ата атындағы ҚҰ-ның басты стратегиялық мақсаты болып табылады және оқу үдерісіне қажетті кадрлық, оқу-әдістемелік, ақпараттық және материалдық-техникалық ресурстармен қамтамасыз етіледі. Университетте еңбек нарығында сұранысқа ие бакалавриат түлектерін сапалы даярлауды қамтамасыз ету үшін мақсатты кадрлық саясат және жүйелі түрде университеттің материалдық-техникалық базасын жақсарту жүргізіледі.

1 БББ сипаттамасы

Білім беру бағдарламасының коды және атауы: 6B01-Педагогикалық ғылымдар-педагогикалық жоғары білім.

Дайындық бағытының коды мен атауы: 6B015-Жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдерді даярлау

Білім беру бағдарламаларының тобы: 6B012-Химия пәні мұғалімдерін даярлау, 6B01516-Химия-Биология.

Білім беру бағдарламасының қысқаша сипаттамасы: 6B01516-Химия-Биология педагогикалық білім беру бағыты бойынша бакалавр химия және биология бейіндерін біріктіре отырып, кәсіби қызметтің мынадай түрлеріне дайындалады: педагогикалық, мәдени-ағартушылық, ғылыми-зерттеу.

Білім беру бағдарламасы мұғалім, ғылыми-зерттеу, ұйымдастыру-технологиялық, өндірістік-басқару, тәрбие, мәдени-ағарту жұмыстарын орындау саласында мамандар даярлауға бағытталған.

6B01516-Химия-Биология БББ бойынша кәсіби бакалавриаттың білім беру бағдарламасы. Жоғары оқу орнының дайындық бағытына сәйкес білім беру бағдарламасын игеруге және іске асыру шарттарына қойылатын талаптарды айқындайтын оқу-әдістемелік құжаттар мен материалдар кешені болып табылады.

Білім беру бағдарламасы еңбек нарығының қажеттіліктері мен жұмыс берушілердің талаптарын қамтамасыз ететін мамандарды даярлаудың құзыреттілік моделі негізінде әзірленген. Бұл модель түлектердің негізгі құзыреттерін, олардың дайындық деңгейін және нақты кәсіби функцияларды орындауға дайындығын сипаттайды.

6B01516-Химия-Биология білім беру бағдарламасы бойынша кадрлар даярлау траекториялары бойынша жүзеге асырылады және Minor бағдарламасы да қарастырылған:

Білім алу траекториясы №1: Химия пәнінің мұғалімі

Білім алу траекториясы №2: Химик - зерттеуші

Minor бағдарламасы: Химик-аналитик

Біздің мемлекетіміз үшін жалпы білім беретін мектептер үшін жоғары білікті пән мұғалімдерінің қажеттілігі өте өзекті болып саналады.

Осы ережеге сүйене отырып, осы бағдарламаны енгізудің мақсаттары мыналар болып табылады:

1. Кәсіби салада теориялық және практикалық білімнің кең ауқымын құру;
2. Болашақ мамандардың негізгі кәсіби құзыреттерін қалыптастыру;
3. Болашақ педагогтардың кәсіби қызметі үшін негіз болып табылатын коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру;
4. Барлық кезеңдерінде эксперимент жүргізу шеңберінде дербес іздестіру-зерттеу қызметі үшін алғышарттар жасау;
5. Ғылыми-техникалық ақпаратпен жұмыс істей білу, кәсіби қызметте отандық және шетелдік тәжірибені пайдалану, алынған ақпаратты жүйелеу және жинақтау.

6. Еңбек және оқу іс-әрекетінің үдерісін өз бетінше бақылай білу.

2.Білім беру бағдарламасын бітіруші моделін қалыптастырудағы құрама компоненттері

Білім беру бағдарламасын бітіруші моделін қалыптастырудың негізгі компоненттері білім беру бағдарламасының мақсаттары мен міндеттері, объектілері, кәсіптік қызмет түрлері мен бағыттары, маманның құзыреттілік моделі туралы ақпаратты, оның ішінде дескрипторлар, білім беру бағдарламасына сәйкес құзыреттердің түрі және білім беру бағдарламасының нәтижелерін қамтиды.

2.1Білім беру бағдарламасының мақсаттары: Қазақстан Республикасының Білім беру мекемелерінде білім беру қызметін жүзеге асыруға бағытталған, терең теориялық білімді көрсететін, жаңартылған білім беру жүйесі жағдайында оқытудың инновациялық әдістерін меңгерген бәсекеге қабілетті және сұранысқа ие жоғары білімді мамандар даярлау.

2.2Білім беру бағдарламасының міндеттері: 6B01516-«Химия-Биология» БББ бойынша мамандарды даярлаудың негізгі міндеттері:

- қоғамның әлеуметтік тапсырысына және әлемдік білім беру стандарттарына сәйкес болашақ химия-биология мұғалімдерін сапалы кәсіби даярлауды қамтамасыз ету;
- білім алушылардың интеллектуалды дамуы мен кәсіби деңгейдегі биология және химия пәндерінің бөлімдері бойынша терең теориялық білім алуын жүйелеу;
- жалпы білім беретін мектептерде химия және биология пәндерін оқытудың заманауи әдістерін меңгерген болашақ мұғалімдерді даярлау;
- болашақ химия мұғалімдерінің әлеуметтік-мәдени, тілдік (коммуникативтік), жаратылыстану-математикалық, кәсіби, мамандықтың іргелі негіздері мен оқыту технологиялары бойынша құзыреттілігін қалыптастыру;
- физикалық, рухани және интеллектуалдық өзін-өзі дамыту тәсілдерін игеру, психологиялық сауаттылықты, ойлау мен мінез-құлық мәдениетін қалыптастыру.

2.3 Жалпы және бейіндік құзыреттіліктері:

- талаптардың жеке деңгейін қалыптастыруға және объективті бағалауға қабілетті, сондай-ақ білім алушылардың зияткерлік даму деңгейін арттыру дағдыларын меңгерген;
- әлеуметтік және кәсіптік міндеттерді шешуде әлеуметтік, гуманитарлық және экономикалық ғылымдардың негізгі ережелері мен әдістерін қолдануға қабілетті;
- өз ойын ана тілінде дәйекті және сауатты тұжырымдайды және айтады, ғылыми мәтіндермен жұмыс істеу және көпшілік алдында сөйлеу үшін қазақ (орыс), шет тілдерінде ауызша және жазбаша сөйлеу дағдыларын меңгереді;
- ақпаратты алудың, сақтаудың, өңдеудің негізгі әдістерін, тәсілдері мен құралдарын пайдаланады; компьютермен, оның ішінде ғаламдық компьютерлік желілерде жұмыс істеу дағдыларын меңгереді;
- адамгершілік нормалары мен адамгершілік мінез-құлық негіздерін меңгерген;
- ғылыми зерттеуді ұйымдастыру принциптерін, ғылыми білімге қол жеткізу және құру тәсілдерін біледі;
- гигиена, еңбекті қорғау талаптарына және ықтимал жағымсыз сыртқы әсерлерден қорғау ережелеріне сәйкес салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыруға қабілетті

Бейіндік құзыреттіліктер:

- орта мектеп оқушыларының химия мен биологияны оқытудың теориялық негіздері мен технологияларын меңгерген;
- негізгі химиялық, биологиялық ұғымдарды, химиялық, биологиялық заңдар мен құбылыстар туралы білімді меңгерген;
- бақылаулар мен эксперименттердің нәтижелерін теориялық талдау әдістерін, компьютерлік модельдеу әдістерін меңгерген;
- химияның, биологияның теориялық және эксперименттік негіздерін және химияны, биологияны оқыту технологияларын білуге қабілетті;
- өз бетінше зерттеу жүргізуге, жаратылыстану экспериментін қоюға, ғылыми және

кәсіби міндеттерді шешу үшін ақпараттық технологияларды пайдалануға, зертханалық және далалық жұмыстардың нәтижелерін талдауға және бағалауға қабілетті;

- мақсатқа бағытталған белсенді оқыту қабілетін қалыптастырады;

- жеке және топта ақпаратты басқаруды, цифрлық технологияларды тарату процесін немесе жолдарын түсіндіреді;

- жалпы химияның негізгі теориялары мен заңдарын игере отырып, химиялық және физика-химиялық талдау әдістерін жүргізеді, химиялық процестердің кинетикасы мен термодинамикасы туралы білімді түсінеді, алған білімін күрделі есептерді шығаруда пайдаланады;

- әртүрлі практикалық міндеттерді шешуге бағытталған эксперименттік тәжірибелерді орындауда, есептеулерде химияның негізгі заңдары мен теорияларын мақсатты пайдаланады, қажетті жаңа ғылыми ақпаратты іздеуді дербес жүргізе алады;

- өсімдіктердің, жануарлардың, саңырауқұлақтар мен микроорганизмдердің морфологиясының, экологиясының, көбеюінің және географиялық таралуының ерекшеліктері туралы білімі бар, олардың табиғаттағы және адамның экономикалық қызметіндегі рөлін түсінеді;

- биологиялық процестердің химиялық негіздерін және өсімдіктердің, жануарлардың және адамның әртүрлі жүйелері мен мүшелерінің жұмысының физиологиялық механизмдерін түсіндіруге қабілетті;

- органикалық әлемнің биохимиялық бірлігі, тұқым қуалаушылықтың молекулалық негіздері, өзгергіштік және генетикалық талдау әдістері мәселелерін бағдарлай алады;

- органикалық әлемнің даму заңдылықтары туралы білімі бар;

- антропогендік факторлардың әсерінен тірі табиғаттың тұрақтылығы мен өнімділігі принциптерін және оның өзгеру жолдарын түсінуге қабілетті, жаһандық экологиялық проблемаларды, қоршаған ортаның жай-күйі мәселелерін және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалануды жүйелі талдауға қабілетті.

2.4 Білім беру бағдарламасының оқыту нәтижелерін қалыптасатын құзыреттіліктермен салыстыру матрицасы

6B01516 – «Химия-Биология» білім беру бағдарлама бойынша оқыту нәтижелері мен қалыптасатын құзыреттіліктері арақатынасының матрицасы

Құзыреттілік	ON1	ON 2	ON 3	ON 4	ON 5	ON 6	ON 7	ON 8
ЖБҚ1			+		+	+		
ЖБҚ 2			+		+	+		
ЖБҚ 3			+		+	+		
ЖБҚ 4			+		+	+		
ЖБҚ 6			+		+	+		
ЖБҚ 7			+		+	+		
ЖБҚ 8			+		+	+		
БҚ1	+	+	+					
БҚ 2	+	+		+	+			
БҚ 3	+	+		+	+	+	+	
БҚ 4	+	+		+			+	
БҚ 5	+	+						
БҚ 6			+		+	+		
БҚ 7	+	+	+	+		+		
БҚ 8	+	+		+	+			
БҚ 9			+		+	+		

БҚ 10		+		+	+	+		
БҚ 11	+	+		+	+		+	
БҚ 12	+	+		+				
БҚ 13	+	+		+	+		+	
БҚ 14	+	+		+			+	
БҚ 15		+		+	+	+		
БҚ 16		+		+	+		+	
БҚ 17	+	+		+	+		+	
БҚ 18	+	+		+			+	
БҚ 19	+	+		+				
БҚ 20		+		+			+	
БҚ 21			+	+	+		+	+
БҚ 22	+	+		+			+	
БҚ 23		+		+				
БҚ 5 ^{minor}		+						
КҚ 1	+	+		+	+			
КҚ 2	+	+		+	+			
КҚ 3	+	+		+			+	
КҚ 4		+		+	+			
КҚ 5		+	+	+		+		
КҚ 6	+	+		+	+		+	
КҚ 7		+		+		+	+	
КҚ 8	+	+		+				
КҚ 9		+	+	+				
КҚ 10	+	+		+			+	
КҚ 11	+	+		+				
КҚ 12			+	+		+		
КҚ 13			+		+	+		
КҚ 5 ^{minor}			+		+	+		

2.5. «Химия-Биология» БББ бойынша маманның жеке қасиеттері.

- ғылыми дүниетаным;
- шығармашылық, дамуға ұмтылу;
- компьютерлік сауаттылық;
- кәсіби құзыреттілік;
- гуманитарлық лингвистикалық құзыреттілік;
- химия, биология пәндері мұғалімі мамандығына қабілеттер;
- шығармашылық қызмет стилі;
- жоғары адамгершілік мәдениет;
- салауатты өмір салты.